

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 қазандағы № 458 шешімі. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қазанда № 9-4-189 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2013 жылғы 15 наурыздағы № 102 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 15.03.2013 № 102 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету үшін жеке тұлғалар с а н а т т а р ы а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі анықталсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с

сессияның төрайымы

Т. Хиврич

Қ а л а л ы қ

мәслихатының хатшысы

Т. Кривошея

КЕЛІСІЛДІ:

"Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы

_____ Г. Бермухамбетова

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету үшін жеке тұлғалардың санаттары

1. Біржолғы әлеуметтік көмек

1) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, қосымша тамақтануға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) білім беру ұйымдарында оқуды төлеуге бағытталған, мемлекеттік бюджеттен өзге төлемдерді алушылар, мемлекеттік білім беру гранттарының иелері болып табылатын тұлғаларды есептемегенде, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша белгіленген, ең төменгі күнкөріс деңгейінен (бұдан әрі – ең төменгі күнкөріс деңгейі) төмен табыстары бар отбасылардың жастарына, жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуды жалғастыратын, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын жастарға, жоғары білімді алуға байланысты білім беру ұйымдарына нақты шығындар бойынша шығындарды өтеуге;

3) табысы аз отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелген болса 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, тұрмыстық қажеттіліктерге, 7 айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде;

6) барлық санаттағы мүгедектерге, емделуге байланысты шығындар құнының мөлшерінде, табыстарын есепке алмай, жедел емделуге, бірақ 50 айлық есептік көрсеткіштен көп емес;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне Ұлы Отан

соғысының Жеңіс күніне орай 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға және соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады және төленеді.

2. Ай сайынғы қосымша әлеуметтік көмек:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне, 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады және төленеді.

М ә с л и х а т т ы ң

2011 жылғы 7 қазандағы

№ 458 шешіміне

2-қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі

1. Міндетті құжаттар:

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 4) алушының салық төлеуші куәлігі;
- 5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;
- 6) алушының заңды өкілі өтініш берген кезінде, жеке басын куәландыратын құжат, және заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжаты қоса беріледі.

2. Қосымша құжаттар:

1) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғалар үшін қосымша тамақтануға:

мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан аурудың емделуде болғанын растайтын анықтама;

2) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша белгіленген, ең төменгі күнкөріс деңгейінен (бұдан әрі – ең төменгі күнкөріс деңгейі) төмен табыстары бар

отбасылардың жастарына, жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуды жалғастыратын, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын жастарға, жоғары білімді алуға байланысты білім беру ұйымдарына нақты шығындар бойынша шығындарды өтеуге;

жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың жастары үшін, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға алушының (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататын жастар үшін, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

оқу орнын және оқу жылына оқу төлемінің мөлшерін растайтын, тиісті білім ұйымымен берілген құжат;

оқу төлемін растайтын құжат, төлем жасалғаннан кейін ұсынылады;

3) табысы аз отбасылардың тұлғалары үшін кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға тұлғалардың (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

қайтыс болуы туралы куәлік;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғалары үшін, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, қайтыс болған күні жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген болса:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға тұлғалардың (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

қайтыс болуы туралы куәлік;

туыстық қатынастарды растайтын құжат;

5) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғалары үшін, тұрмыстық қажеттіліктерге:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға тұлғаның (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;

6) барлық санаттағы мүгедектерге, емделуге байланысты шығындар құнының мөлшерінде, табысына қарамастан жедел емделуге:

алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

емделудің құнын растайтын құжат;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай:

егер, осы азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар үшін, соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа с а н а т т а р ы ү ш і н :

егер, осы азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар үшін ай сайынғы қосымша әлеуметтік көмек т а ғ а й ы н д а у к е з і н д е :

егер, осы азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат болып табылады.

3. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар мен көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш б е р г е н к ү н і қ а й т а р ы л а д ы .

4. Осы қосымшаның 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген алушылар үшін, жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган жұмыссыздар ретінде тіркелуін тексереді.